

"Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялардың ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті төрағасының м.а. 2023 жылғы 26 қазандағы № 1-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті Төрағасының 2024 жылғы 18 наурыздағы № 68-НҚ бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті Төрағасының 2024 жылғы 26 тамыздағы № 217-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті Төрағасының 26.08.2024 № 217-НҚ бұйрығымен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялардың ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитеті төрағасының м. а. 2023 жылғы 26 қазандағы №1-НҚ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1-қосымшадағы 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Инспекция) Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің (бұдан әрі - Комитет) өз құзыреті шегінде су қорын пайдалануды реттеу мен қорғау саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын аумақтық органы болып табылады. Инспекцияның Түркістан облысында және Шымкент қаласында бөлімдері бар.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 2-қосымшадағы 1 - тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Инспекция) Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің (бұдан әрі - Комитет) өз құзыреті шегінде су қорын пайдалануды реттеу мен қорғау саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын аумақтық органы болып табылады, Алматы қаласының, Алматы облысының, Жетісу облысының аумағына, Жамбыл облысының ішінара Мойынқұм және Қордай аудандарына, Балқаш қаласы, Приозерск қаласы, Қарағанды облысының Ақтоғай және ішінара Қарқаралы және Шет аудандарына, сондай-ақ Абай облысының Үржар және Аягөз аудандары аумақтарына өкілдігі таратылады және қызметі жүзеге асырылады. Инспекцияның Жетісу облысында бөлімі бар.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларда:

19-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Инспекцияны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ұсынуға;"

19-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Инспекцияның мүдделерін білдіру үшін сенімхат беруге міндетті."

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитеті төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

А. Жаканбаев

